Экологиялық проблемалардың жасөспірімдер дамуына әсері

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 21 ақпан күні Ақтау қаласы, С. Қондыбайұлы атындағы №22 орта мектебінде «Экологиялық проблемалардың жасөспірімдер дамуына әсері» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өткізді.



Облыстық денсаулық сақтау басқармасының Қоғамдық денсаулық сақтау мемлекеттік қызмет көрсету және лицензиялау бөлімінің бас маманы А.Қ. Сырым, Облыстық экология департаментінің бас маманы А.К.Ахметовалар баяндамаларында облыстың аймағындағы Шетпе карьерлерінен шығатын шаң, Қошқар ата қалдық көліндегі химиялық иіс, Мұнайлы ауданындағы радиоактивтік қалдықтардың ауаға таралуы; Бейнеу ауданы мен Ақшұқыр ауылдарындағы қалдықтарды қайта өңдеу мекемелерінің жұмыс істемеуі; ағзасына үлкен әсері болатындығы мұғалімдер тарапынан мәселе болып көтеріліп, тұрмыстық қалдықтар бойынша нақты шаралар қажеттігі, сенбіліктерде ауыл маңындағы қоқыстарды тазарту оқушы денсаулығы үшін қауіптілігі ескертілді.

Өңдеу химикаттары мен тыңайтқыштарды шамадан тыс мөлшерде қолданудан тұтынылатын өнімдердің, сапасыз азықтүліктердің, дұрыс тамақтанбаудың, термиялық өңдеудің әсерінен туындаған семіру, қант диабеті сияқты аурулардың мектеп қабырғасынан басталып жатқандығына назар аудартыла келе, баланың уақытылы тамақтануын, тамақ мөлшерін, құнарын анықтап беруді, дүкен сөрелерінде адам денсаулығына зияны жоғары тағамдарды болдырмауды, мектептерге жақын орналасқан дүкендер мен сауда нүктелеріне жиі тексерулер жүргізуді және балалардың таза ауада жиі болу шараларын ұйымдастыру қажеттігі қаперге берілді.

бөлінетін улы газдардың қауіптілігі; Сайын Шапағат елді мекенінен 35 шақырым жерде орналасқан полигон орнының әсерлері туралы және профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерістер жүргізу кезінде оларға *экологиялық заңбұзушылықтар бойынша* мекеме әкімшіліктеріне көлемді айыппұлдар салынғаны жөнінде мәліметтер келтірді.

Семинарда соңғы кезде ауыл тұрғындары мен жасөспірімдер арасында қоқырішек (аппендицит) ауруының көбеюі, ішек инфекциялары, тері аурулары және аллергиялық аурулардың өршуі, радиацияның әсерінен соңғы жылдары жүкті әйелдердің түсік тастауы, баланың өлі туылуы, генетикалық ақаулармен туылған нәрестелер (дауна, патау синдромы), бедеулік және зоб аурулары, қан аздық, ДЦП балалардың көптеп туылуы да нашар экологияның адам ағзасына әсерінің өршуінен болуы туралы мәселе көтерілді.



Ауыл балаларының ішек, бауыр, асқазан ауруларына шалдығуы, мектеп оқушыларының арасында «педикулёз» ауруының байқалуы, ауыл маңдарының қоқыс қалдықтарымен ластануы да адам

Мұғалімдер ерекше оқуды қажет ететін балалардың басқа оқушылар секілді тең дәрежеде ЖБ, ТЖБ, ҚМЖ тапсырулары қиындық туғызатындығын, білім материалдарының олар үшін күрделілігін, осыған байланысты дәрігерлік анықтама берерде, «қатер» тобындағы балаларды скрининг арқылы сапалы, стандартты тексеріп және ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктері нәтижесін негізге ала отырып, оларға демалу, білім алу мен қарым-қатынас жасау әлеуеттік мүмкіндіктеріне сәйкес білім беруді жоспарлау қажеттігін, білім алу мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты, тәрбиелік, кәсіптік бейімделу бағыттарындағы шаралардың жоспарлануының өзектілігін ескертті.

Семинарға қатысушылар ерекше білім алуды қажет ететін балаларға берілетін білім мен емдеу қызметін жақсарту, жасөспірімдердің таза ауада демалуын ұйымдастыру, **«Таза қала», «Таза ауыл»** акцияларын дәстүрлі жүргізу, оқушыларға берілетін тамақ калориясы мен сапасын бақылау, экология департаменті, денсаулық басқармасы бірлескен әлеуметтік маңызы жоғары денсаулық мәселесі бойынша нақты шаралар алу, әсіресе, осы жұмыстарды үйлестіріп отыратын **«Экологиялық педиатрия»** бөлімдерін ашу туралы ұсыныс білдірді.

А.ТҰРАҚБАЕВА
Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының бөлім жетекшісі, Ақтау қаласы